

Отбасылық үлгідегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық кесімерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 18 шілдедегі N 583 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 2001 жылғы 14 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1629

«Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.03.27 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1. Отбасылық үлгідегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық кесімдер:

1) Балалар ауылының әкімшілігі туралы ереже осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Тәрбиеші аналардың біліктілік санаттары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) Балалар ауылындағы отбасында балаларды күтіп-бағуды және тәрбиелеуді жүзеге асыатын тәрбиеші аналарды конкурстық іріктеуді жүргізу тәртібі осы бұйрыққа 3 - қосымшаға сәйкес;

4) Балаларды балалар ауылының отбасына беру туралы үлгі шарт осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) Балалар ауылы, балалар үйі және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернат пен тәрбиленуші (бітіруші) арасында жасалған Жасөспірімдер үйінде күтіп-бағу туралы үлгі шарт осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.03.27 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Жалпы орта және бастауыш кәсіптік білім департаментінің директоры Р.М. Жұмабекова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармаларының (департаменттерінің) бастықтары осы бұйрықты барлық қорғанышылық және қамқоршылық бөлімдеріне, аудандық және қалалық білім бөлімдеріне, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім ұйымдарына жеткізілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Жалпы орта және бастауыш кәсіптік білім департаментінің директоры Р.М. Жұмабековага жүктелсін.

міндеттін атқарушы

Қазақстан

Р е сп у б лика сы

Білім

және

ғылым

ми н и с т р ің

2001

ж ы л ф ы

18

ш іл дедегі

№ 583 бұйрығына 1-қосымша

Отбасылық үлгідегі балалар ауылының әкімшілігі туралы ереже

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.03.27 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және Балалар ауылы әкімшілігінің (бұдан әрі – Әкімшілік) мэртебесін және фундаменталдық айқындаиды.

2. Әкімшілік балалар ауылының қызметін басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады және өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясын, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Балалар ауылының жарғысын (бұдан әрі – Жарғы) және осы Ережени басшылыққа алады.

3. Әкімшілікті балалар ауылының құрылтайшысы тағайындаиды.

4. Әкімшілік балалар ауылының қызметін балалардың мүддесіне орай үйимдастырады және оны әлеуметтік қорғауға, әлеуметтік бейімдеуге бағыттайады.

2. Әкімшіліктің функциялары

5. Әкімшіліктің функциялары:

- 1) балалар ауылының қызмет етуі үшін қалыпты жағдайлар жасау және материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету;
- 2) тәрбие процесіне басшылық ету, білім алуына бақылау жасау;
- 3) балалар ауылының инфрақұрылымын жетілдіру;
- 4) балалар ауылына түсетін қаражатты материалдық қамтамасыз ету нормаларына сәйкес тәрбиеші аналар арасында бөлу;
- 5) тәрбиеші аналардың ай сайынғы қаржы есептерін қабылдау және талдау.

6. Әкімшілік тәрбиеленуші балалардың занды өкілі, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауши болып табылады.

7. Әкімшілік қорғаншылық және қамқоршылық органға тәрбиеленуші денсаулығының жағдайы туралы, оны тәрбиелеу жөніндегі жұмысы туралы, сондай-ақ тәрбиеленушінің мүлкін басқару бойынша жыл сайын есеп береді.

8. Әкімшілік мүлікті басқаруды «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне және «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады.

Әкімшілік мүлікті жалға (жалдауға беру) бойынша мәмілелерден түскен табыстарды тәрбиеленушінің банктегі есепшотына аударады.

Тәрбиеленушіні ата-анасына қайтарған кезде немесе балалар ауылынан шыққаннан кейін тәрбиеленушінің мүлкі мен құжаттары нотариалды расталған қолхатпен ата-анасына немесе тәрбиеленушінің өзіне беріледі.

9. Ата-аналар мен басқа жақын туысқандарының тәрбиеленушілермен байланысқа түсуі әкімшіліктің келісімімен жүзеге асырылады.

Әкімшілік тәрбиеленушілердің ата-аналарымен байланысына және олармен қосылуына олардың ата-аналық құқықтары қалпына келтірілген, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған жағдайда және мұндай байланыстар бала мүдделеріне қайши келмейтін өзге де жағдайларда кедергі жасамайды.

Әкімшілік тәрбиеленушінің басқа жақын туыстарымен байланысқа түсуіне (тегі бір және жартылай текті аға-інілері мен апа-сіңлілері, қарындастарымен, аталарымен, әжелерімен), егер мұндай байланыс бала мүдделеріне жауап бермеген жағдайларды қоспағанда кедергі жасамайды.

10. Әкімшіліктің басшысы құрылтайшы лауазымға тағайындастырылған және лауазымнан босататын директор болып табылады және ол мынадай функцияларды жүзеге асырады :

1) барлық ұйымдарда отбасы үлгісіндегі балалар ауылының мүддесін білдіреді;

2) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, санитарлық және өртке қарсы ережелері, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді ;

3) тәрбиеленушілердің шығуын және орналасуын ұйымдастырады, олардың адамгершілік-рухани, дene тәрбиесіне және материалдық қамтамасыз етілуіне қамқорлық көрсетеді ;

4) балалар ауылы тәрбиеші аналарының және қызметкерлерінің кәсіптік шеберлігін арттыру мен шығармашылық өсүі үшін жағдайлар жасайды;

5) шарттар жасасады ;

6) сенімхаттар береді ;

7) банк есеп шоттарын ашады ;

8) барлық қызметкерлер үшін міндettі бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
9) жеке еңбек шарты бойынша қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және оларды
босатады;

10) мекемелердің қызметкерлеріне марапаттау шараларын қабылдайды және
тәртіптік жазаларға тартады;

11) осы Ережемен және Жарғымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге
асырады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2001 жылғы 18 шілдедегі
№ 583 бұйрығына 2-қосымша

Тәрбиеші аналардың біліктілік санаттары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - КР Білім және ғылым министрінің 2012.03.27 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1. Осы Тәрбиеші аналардың біліктілік санаттары «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген және Тәрбиеші аналардың біліктілік санаттарын белгілеуді.

2. Тәрбиеші аналарға талаптар Заңың 14-бабына сәйкес айқындалады.

3. Тәрбиеші ана өз қызметінде Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясын (1994 жыл), Қазақстан Республикасының Конституациясын, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді, оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алады.

3. Тәрбиеші ана педагогика, психология, жас ерекшелік физиологиясы мен гигиенасы, дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, мемлекеттік жастар саясатының негіздері, азаматтық және еңбек заңнамалары бойынша білімдерді менгеруі қажет.

4. Мынадай санаттар белгіленеді:

1) екінші санаттағы тәрбиеші-ана (орта (техникалық және кәсіптік) білімі және тәрбиеші ана лауазымында 3 жылға дейін жұмыс өтілі болуы қажет);

2) бірінші санаттағы тәрбиеші-ана (орта білімнен кейінгі білімі және тәрбиеші ана лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі болуы қажет);

3) жоғарғы санаттағы тәрбиеші-ана (жоғары білімі және тәрбиеші ана лауазымында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі болуы қажет).

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрін

2001

жылғы

18

шілдедегі

№ 583 бүйрығына 3-қосымша

Балалар ауылындағы отбасында балаларды күтіп-бағуды және тәрбиелеуді жүзеге асыратын тәрбиеші аналарды конкурстық іріктеуді жүргізу тәртібі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.03.27 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бүйрығымен.

1. Осы Ереже «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген және балалар ауылының отбасында балаларды күтіп-бағуды және тәрбиелеуді жүзеге асыратын тәрбиеші ананы конкурстық іріктеу жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Тәрбиеші ананы конкурстық іріктеуді конкурстық комиссия мына құрамда өткіздеді :

- 1) балалар ауылы орналасқан жер бойынша қорғаныштық және қамқоршылық органдың өкілі ;
- 2) облыстық білім беру басқармасының (департаментінің) өкілі;
- 3) облыстық денсаулық сақтау басқармасының (департаментінің) өкілі;
- 4) Балалар ауылы әкімшілігінің өкілі.

Конкурстық комиссияның жұмыс органды Балалар ауылының әкімшілігі болып табылады .

3. Конкурстық комиссия конкурс өткізуге бір ай қалғанда бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялайды.

4. Конкурсқа жасы жиырма жетіге толған, жоғары, орта білімнен кейінгі немесе орта (техникалық және кәсіптік) білімі бар, некеде тұрмайтын және өзінің туған немесе асырап алған кәмелетке толмаған балалары жоқ Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі .

5. Конкурсқа қатысуға мыналар :

- 1) сотпен әрекетке қабілетсіз немесе шектеулі қабілетті деп танылған адамдар;
 - 2) сот бойынша ата-ана құқықтарынан айырылған немесе ата-ана құқықтары сотпен шектелген адамдар ;
 - 3) заңмен жүктелген міндеттерді тиісінше орындағаны үшін қорғаныш және қамқоршы міндеттерінен босатылған адамдар;
 - 4) егер бала асырап алу олардың кінәсі жойылса, бұрынғы бала асырап алушылар;
- 5) сottылығы бар адамдар ;

6. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген адамдар конкурстық комиссияға мына
құжаттарды тапсырады:

- 1) өтініш (еркін нысанда);
 2) кадрларды есепке алу бойынша жеке парап;
 нотариалды расталған білімі туралы құжаттың көшірмесі;
 нотариалды расталған еңбек кітапшасының көшірмесі;
 5) сотталмағандығы туралы анықтама;
 ық жағдайы, оның ішінде психикалық саулығы туралы, есірткіге (,
 , алкогольге тәуелді еместігі туралы анықтама;
 7) 3x4 көлеміндегі бір фотосүрет.

7. Конкурс конкурсқа қатысуға өтініш берген адамдармен сұхбат турінде өткізіледі.

8. Конкурс женімпазы конкурстық комиссияның шешімімен тәрбиеші аналаузымына тағайындауға ұсынылады.

Конкурстық комиссиясының ұсынымдарына сәйкес тәрбиеші ана лауазымға Балалар ауылшының әкімшілігі басшысының бүйрығымен тағайындалады.

Тәрбиеші ана лауазымына тағайындалғаннан кейін онымен жеке еңбек шарты жасалады.

9. Конкурсқа қатысқан және іріктеуден өтпеген тәрбиеші анаға үміткерлерді конкурстық комиссия олардың келісімі бойынша резервке тіркеуге ұсынады.

10. Резервке тіркеуді қорғанышылық және қамқоршылық органы жүзеге асырады. Резервтегі тәрбиеші-аналардың тізімі Балалар ауылшының әкімшілігіне беріледі.

Тәрбиеші аナンЫң бастамасы бойынша балаларды балалар ауылшының отбасына беру туралы шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда резервтегі тәрбиеші аナンЫ отбасының тәрбиеші аناسы лауазымын атқаруға тартуды Балалар ауылшының әкімшілігі қорғаншылық және қамқоршылық органының келісімі бойынша және онымен жеке еңбек шартын жасай отырып жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2001 жылғы 18 шілдедегі
№ 583 бүйрігіне 4-қосымша

Балаларды балалар ауылшының отбасына беру туралы үлгі шарт

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.03.27 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрыктымен.

(қала, ауыл)

Осы шарт бұдан әрі «Орган» деп аталатын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 қаулысымен бекітілген Мемлекеттің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларының негізінде әрекет ететін

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімі жанындағы қорғаншылық және қамқоршылық органы атынан

(Т . А . Ә .)

бір жағынан және бұдан әрі «Әкімшілік» деп аталатын және Жарғы негізінде әрекет ететін «_____» балалар ауылы
(а т а у ы)

(балалар үйі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернат) әкімшілігінің директоры

(Т . А . Ә .)

екінші жағынан және бұдан әрі «тәрбиеші ана» деп аталатын Қазақстан Республикасының азаматы _____

(тегі, аты, әкесінің аты, жеке куәлігінің №, кім және қашан берді) төмендегі туралы осы шартты жасасты:

1. Тәрбиелеу, білім алу және күтіп-бағу жағдайлары

1.1. Орган тәрбиеші ананың отбасына баланы _____,
(Т.А.Ә.) (туған күні, айы, жылы)

тәрбиеге береді, ал тәрбиеші ана тәрбиеленушінің тұруы, тәрбиеленуі және білім алуы, сондай-ақ дene, психикалық, адамгершілік-рухани дамуы, оның әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасауға міндеттенеді.

1.2. Бала тәрбиеші ананың тәрбиесіне кәмелет жасқа толған мерзімге дейін беріледі.

1.3. Он жасқа толған бала отбасына тәрбиелеуге осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оның жазбаша келісімімен беріледі.

1.4. Баланы отбасына тәрбиелеуге беру Әкімшілік директорының бұйрығымен рәсімделеді.

2. Әкімшіліктің және тәрбиеші ананың құқықтары

2.1.1. оқыту мен тәрбиелеу нысандарын және әдістерін ұсынуға;

2.1.2. баланың Балалар ауылында тұру қағидаларын орындауды талап етуге және бақылау жасауға;

2.1.3. баланың келісімімен оны балалар ауылын абаттандыру жөніндегі жұмыстарды үйымдастыруға тартуға құқылы.

2 . 2 . Т ə р б и е ш i а н а :

2.2.1. балаларды тәрбиелеу тәсілдерін оның пікірін, балалар ауылы әкімшілігінің пікірін және орган ұсынымдарын ескере отырып анықтауға;

2.2.2. білім беру үйымдарын және оқыту нысандарын тандауға құқылды.

3. Органның, әкімшіліктің және тәрбиеші анының міндеттері

3 . 1 . Орган:

3.1.1. баланың күтіп-бағылуына және тәрбиеленуіне, деңсаулық жағдайына, мүлкін басқаруға бақылауды жүзеге асыруға;

3.1.2. психологиялық-медициналық-педагогикалық мәселелер бойынша тәрбиесі аналарға консультациялар беруге;

3.1.3. Әкімшілікке мынадай құжаттарды:

3.1.4. түү туралы күәлікті;

3.1.5. денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманы және баланың сырқаттануы тарихынан үзінді-көшірмені;

3.1.6. баланың денсаулық жағдайы және жүктілігінің өтуі туралы анықтаманы (баланы сәбілер үйінен берген жағдайда);

3.1.7. білімі туралы құжатты (мектеп жасындағы балалар үшін);

3.1.8. ата-аналары туралы құжатты (ата-анасының болмауын немесе олардың өз балаларын тәрбиелеудің мүмкін еместігін растайтын қайтыс болуы туралы күеліктің, сот үкімінің немесе шешімінің, ата-анасының сырқаттануы, іздестірілуі туралы анықтаманың және басқа да құжаттардың көшірмесін);

3.1.9. аға-інілерінің және апа-сіңлілерінің болуы және тұратын жерлері туралы
ақпаратты;

3.1.10. балаға тиесілі мұліктің тізімдемесін және оның сақталуына жауапты адамдар тұралы мәліметтерді;

3.1.11. иелікте бұрын болған тұрғын үй-жайдың көмелетке толмағандарға бекітілгені туралы құжаттарды және балаға және оның ата-аналарына жылжымайтын мулікке және онымен жасалған мәмілелерге құқықтарының мемлекеттік тіркелгені туралы әділет органдарының мәліметтерін;

3.1.12. алименттерді өндіріп алу туралы сот шешімінің көшірмесін, сондай-ақ жәрдемақыға, зейнетақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығын растайтын

құжаттарды;

3.1.13. банк мекемесінде баланың атына ашылған есепшоттың болуы туралы
құжаттардың көшірмелерін;

3.1.14. өзге де құжаттарды тапсыруға;

3.1.15. тәрбиеленуші балалардың білім алудына және тәрбиеленуіне,
емдеу-профилактикалық және психологиялық-диагностикалық жұмыста әдістемелік
көмек көрсетуге міндettі.

3.2. Өкімшілік:

3.2.1. тәрбиеленушінің денсаулық жағдайы туралы, оны тәрбиелеу бойынша
жұмысы, сондай-ақ тәрбиеленушінің мүлкін басқару туралы есептерді органға жылына
кемінде бір рет ұсынуға;

3.2.2. Қазақстан Республикасының Үкіметімен көзделген жағдайларда белгіленген
нормалар бойынша тамақтандырумен, киім-кешекпен, аяқ киіммен, жұмсақ
мүкеммалмен қамтамасыз етуге;

3.2.3. санитарлық-гигиеналық нормаларға сай келетін және тұруға жарамды тұрғын
үй-жай (бөлме) бөлүгө;

3.2.4. егер тәрбиеленуші білім беру мекемесінде білім алған жағдайда, білім алу
үшін тиісті жағдайлар жасауға;

3.2.5. қажетті тұрмыстық жағдайлармен (тамақ даярлау мен оны қабылдауға
арналған бөлме, жеке заттарды сақтауға арналған орын, кір жуатын, санитариялық
торап, жуыну бөлмесі және т.б.) қамтамасыз етуге;

3.2.6. заңды мұдделері мен құқықтарын қамтамасыз етуге;

3.2.7. тәрбиеленушінің (бітірушінің) әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін
іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуғе, жеке қабілеттерінің дамуына, дене,
зияткерлік, рухани және адамгершілік жағынан дамуына, отансүйгіштік пен
азаматшылдық сезімдерінің даруына ықпал етуге;

3.2.8. еңбекке орналастыру бойынша шаралар қабылдауға;

3.2.9. бос уақытын ұйымдастыруға шаралар қабылдауға міндettі.

3.3. Тәрбиеші ана:

3.3.1. балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуды үшін
жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге;

3.3.2. өзіне берілген құжаттар көшірмелерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

3.3.3. баланы тәрбиелеуге, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы»
Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес оның денсаулығына, дене, психикалық,
адамгершілік және рухани дамуына қамқорлық жасауға;

3.3.4. өзіне жүктелген, оның ішінде отбасында үй ахуалын құру бойынша
міндеттерін адал орындауға міндettі.

4. Шартты мерзімінен бұрын бұзу

4.1. Балаларды балалар ауылшының отбасына беру туралы шарт мынадай:

4.1.1. дәлелді себептері болған (сырқаттану, отбасылық жағдайы өзгергенде және өз міндеттерін орындау мүмкін болмайтын өзге жағдайларда) тәрбиеші ананың бастамасы
б о й ы н ш а ;

4.1.2. тәрбиеші ананың өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан бас тартқан, өз құқықтарын теріс пайдаланған, балаларға қатыгездікпен қараған, оның ішінде оларға дene немесе психикалық зорлық-зомбылық жасаған және балалардың күтіп-бағылуы, тәрбиеленуі және білім алуы үшін келеңсіз жағдайлар туындаған өзге ге жағдайларда қорғанышылық және қамқоршылық органының және (немесе) балалар ауылы әкімшілігінің бастамасы бойынша;

4.1.3. баланы (балаларды) ата-аналарына немесе олардың асырап алушыларына қайтарған, сондай-ақ баланы (балалардың) қорғанышылыққа (қамқоршылыққа), патронаттық тәрбиеге берген;

4.1.4. шарт талаптарын бұзған жағдайларда мерзімінен бұрын жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Шартты жоюодың негіздері және салдары

5.1. Балаларды балалар ауылшының отбасына беру туралы шарт мынадай:

5.1.1. тәрбиеленушілер кемелет жасқа толған жағдайда;

5.1.2. он жасқа толған баланың (балалардың) келісімі болмаған жағдайда;

5.1.3. балалар ауылшының тәртібін бірнеше рет бұзған, алкогольді, есірткіні, есенгірететін өзге заттарды қолдану фактілері анықталған, балалар ауылшындағы балаға (балаларға) қатысты жыныстық сипаттағы әдепсіз әрекеттерді жасаған жағдайларда жойылады.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Тараптар осы шарттың шараларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Осы шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалды: тараптардың әрқайсысына бір-біреуден.

Корғанышылық және қамқоршылық
о р г а н ы

Әкімшілік директоры

(Т.А.Ә. қолы)

Тараптардың

(Т.А.Ә. қолы)

заңды

мекенжайы:

М.О.
Т ә р б и е ш і

М.О.

а н а

(Т.А.Ә. қолы)

Қазақстан
Білім
2001
№ 583

Республикасы

және

жылғы

18

ғылым

министрін

шілдедегі

**Балалар ауылы, балалар үйі және жетім балалар мен ата-анасының
қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернат пен
тәрбиеленуші (бітіруші) арасында жасалған
Жасөспірімдер үйінде күтіп-бағу туралы үлгі шарт**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.03.27 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 31.01.2013 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

20__ ж. «__» _____

(қала, ауыл)

Бұдан әрі «Өкімшілік» деп аталатын, Жарғы негізінде «_____» балалар ауылы (балалар үйі, жетім балалар мен (атауы)
ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернат) атынан әрекет ететін әкімшілігінің директоры
бір жағынан және (Т. А. Ә.)

бұдан әрі «Жасөспірімдер үйінің директоры» деп аталатын, Жарғы негізінде «_____» Жасөспірімдер үйі әкімшілігінің атынан әрекет ететін директор (Т. А. Ә.)

бір жағынан және бұдан әрі «тәрбиеленуші (бітіруші)» деп аталатын тәрбиеленуші (бітіруші) _____ екінші (Т. А. Ә.)

жағынан төмендегі туралы осы Шартты жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Әкімшілік тәрбиеленушіге (бітірушіге) жасы жиырма үшке толғанға дейін Жасөспірімдер үйінде жабдықталған тұрғын үй-жай (бөлме) береді және оның әлеуметтік бейімделуі бойынша шараларды қамтамасыз етеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Жасөспірімдер үйінің әкімшілігі:

2.1.1. санитарлық-гигиеналық нормаларға сай келетін және тұруға жарамды тұрғын үй - жай (бөлме) бөлүгө;

2.1.2. егер тәрбиеленуші білім беру мекемесінде білім алған жағдайда, білім алу үшін тиісті жағдайлар жасауға;

2.1.3. қажетті тұрмыстық жағдайлармен (тамақ даярлау мен оны қабылдауға арналған бөлме, жеке заттарды сақтауға арналған орын, кір жуатын, санитариялық торап, жуыну бөлмесі және т.б.) қамтамасыз етуге;

2.1.4. заңды мұдделері мен құқықтарын қамтамасыз етуге;

2.1.5. тәрбиеленушінің (бітірушінің) әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін іс-шараларды үйымдастыруға және өткізуге, жеке қабілеттерінің дамуына, дене, зияткерлік, рухани және адамгершілік жағынан дамуына, отансұйгіштік пен азаматшылдық сезімдерін сіңітпеуге ықпал етуге;

2.1.6. еңбекке орналастыру бойынша шаралар қабылдауға;

2.1.7. бос уақытын үйымдастыруға шаралар қабылдауға міндетті;

2.1.8. қосалқы шаруашылық, өндіріс шеберханалары, кіші ағаш өндеу, темір өндеу және басқа да өндірістер болған кезде жұмысшы кәсібіне оқытууды қамтамасыз етуге;

2.1.9. Қазақстан Республикасының Үкіметімен көзделген жағдайларда белгіленген нормалар бойынша тамақтандырумен, киім-кешекпен, аяқ киіммен, жұмсақ мүкеммалмен қамтамасыз етуге міндетті.

2.2. Жасөспірімдер үйінің әкімшілігі:

2.2.1. тәрбиеленушінің (бітірушінің) Жасөспірімдер үйінде тұру ережелерінің орындауды бақылауға және оны талап етуге;

2.2.2. тәрбиеленушінің (бітірушінің) келісімімен оны Жасөспірімдер үйін абаттандыру жөніндегі жұмыстарды орындауға тартуға;

2.2.3. алынып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 31.01.2013 № 20 Бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2.2.4. егер тәрбиеленуші (бітіруші) оку орнында оқытын болса, оған тұрғын үй-жай (бөлме) тегін бөріледі;

2.2.5. Жасөспірімдер үйінде тұру ережелерін өрескел бұзғаны үшін тәрбиеленушіні (бітірушіні) Жасөспірімдер үйінен шығаруға;

2.2.6. егер тұрғын үй-жай нормалары санитариялық-гигиеналық нормаларға жауап берген жағдайда басқа тұрғынды орналастыруға құқылы.

2.3. Тәрбиеленуші (бітіруші):

2.3.1. берілген тұрғын үй-жайды (бөлмені) мақсатты пайдалануға, оны таза және тәртіпте ұстауға;

2.3.2. тұрғын үй-жайдың (бөлменің), сондай-ақ өзіне пайдалануға берілген Жасөспірімдер үйінің жабдықтары мен құралдарының сақталуын қамтамасыз етуге;

2.3.3. Жасөспірімдер үйі әкімшілігінің нұсқауларын және Жасөспірімдер үйінде тұру ережелерін қатаң орындауға;

2.3.4. Жасөспірімдер үйінде тұратын қызмет көрсетуші персоналы мен басқа да адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

2.3.5. Жасөспірімдер үйінің қосалқы шаруашылықтарында, өндірістік және басқа да шеберханаларында жұмыс кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін орындауға міндетті.

2.4. Тәрбиеленуші (бітіруші):

2.4.1. өзінің заңды құқықтары мен мұдделерінің қорғалуын талап етуге;

2.4.2. әкімшілік анықтаған жағдайларда Жасөспірімдер үйінің мұлкі мен жағдайды қтаратын пайдалануға;

2.4.3. кәсіптік білім алуша;

2.4.4. өзінің еңбек еркіндігіне конституциялық құқығын пайдалануға;

2.4.5. «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының Занында көзделген женілдіктерді пайдалануға құқылыш.

2.5. Жасөспірімдер үйінің директоры:

2.5.1. еңбек рыногын:

2.5.2. мұдделі ұйымдармен байланыстар орнату және ұйымдардағы бос орындарды зерделеу;

2.5.3. қосалқы шаруашылықтар, кіші ағаш өндеу, темір өндеу шеберханалары мен кіші кәсіпкерліктің басқа да объектілерін құру арқылы жүйелі түрде зерттеуге;

2.5.4. өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша балалар ауылы, балалар үйі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған мектеп-интернат әкімшілігімен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға міндетті.

3. Шарттың қолданылу мерзімі

3.1. Осы шарт тараптардың қол қойған сәтінен бастап және азамат жиырма үш жасқа толғанға дейін қолданылады.

4. Шартты жою

4.1. Жасөспірімдер үйінде күтіп-бағу туралы шарт онда көзделген негіздерден басқа мұнада:

4.1.1. жиырма үш жасқа толған;

4.1.2. әлеуметтік бейімделуден өтетін адамның шартты тоқтату ниетін білдірген;

4.1.3. Жасөспірімдер үйінің тәртібін бірнеше рет бұзған, алкогольді, есірткіні, есенгірететін өзге заттарды қолдану фактілері анықталған, Жасөспірімдер үйіндегі балаға (балаларға) қатысты жыныстық сипаттағы әдепсіз әрекеттерді жасаған жағдайларда қорғаншылық және қамқоршылық органдының, балалар ауылы, балалар үйі және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернат әкімшілігінің шешімімен;

4.1.4. Жасөспірімдер үйінің тәртібін бірнеше рет бұзған, алкогольді, есірткіні, есенгірететін өзге заттарды қолдану фактілері анықталған, Жасөспірімдер үйіндегі балаға (балаларға) қатысты жыныстық сипаттағы әдепсіз әрекеттерді жасаған жағдайларда дербес заңды тұлға ретінде жұмыс істейтін Жасөспірімдер үйі әкімшілігінің шешімімен;

4.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда жойылады.

5. Өзге де шарттар

5.1. Осы Шартқа тараптардың келісімі бойынша Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5.2. Шартты орындау процесінде пайда болған келіспеушіліктер келіссөздер, ал келісімге келе алмаған жағдайда сот арқылы арқылы шешіледі.

5.3. Осы шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалды: тараптардың әрқайсына бір-біреуден.

Ескерту: Жасөспірімдер үйінде (дербес заңды тұлға ретінде жұмыс істейтін) күтіп-бағу туралы үлгі шарт жасөспірімдер үйінің директоры мен тәрбиленуші (бітіруші) арасында жасалады.

(Балалар ауылы, балалар үйі,
жетім мен ата-анасының
қамқорлығының қалған ата-анасының
арналған мектеп-интернат) балалар үйі,
баларап ата-анасының
баларап балаларға
Тәрбиленуші
директоры

(Т.А.Ә. қолы)

(Т.А.Ә. қолы)

М.О.

Жасөспірімдер

үйінің

директоры

(қ о л ы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК